

## "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 174 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 шілдеде № 2773 болып тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 шілдедегі № 233 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің  
13.07.2016 № 233 қаулысымен.  
РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 410 Жарлығына және "Мемлекеттік орган туралы ережені өзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2012 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1672 Қаулысына сәйкес, Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. "Маңғыстау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Л.Жонасов), қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын және уәкілдегі мемлекеттік органының интернет ресурстарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Л.Жонасовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің

міндеттін атқарушы

E.Махмутов

Маңғыстау ауданы әкімдігінің

## "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

**Е Р Е Ж Е С І**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық–құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды

6. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

7. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130400, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық алаң, 1 үй.

8. Мемлекеттік органның толық атауы – "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

9. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Маңғыстау ауданының әкімдігі болып табылады.

10. Осы Ереже "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

13. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес анықталады.

## **2. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Некені (ерлі-зайыптылықты) және отбасын, аنانы, әкені және баланы мемлекеттік қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу ді қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

- 1) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу;
- 2) "Азаматтық хал актілері жазбалары" ақпараттық жүйесін жүргізу;
- 3) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу бойынша ақпараттық қызметтер көрсету.

16. Функциялары:

1) тууды мемлекеттік тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу;

2) неке қиоды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу;

3) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама күеліктер немесе анықтамалар беру

4) әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу;

5) атын, әкесінің атын, тегін өзгертуді мемлекеттік тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу;

6) азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру;

7) қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу;

8) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу;

9) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу.

"Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### 17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан қажетті ақпараттарды, құжаттарды, материалдарды, ауызша және жазбаша түсініктемелер сұратуға және алуға;

2) аудан әкімдігінің мәжілістеріне, аудан әкімінің жиналыстарына қатысуға;

3) меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың лауазымды адамдарынан, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерден және жеке тұлғалардан қажетті құжаттарды, қорытындыларды, материалдарды, мәліметтерді және ақпараттарды сұратып алуға;

4) мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіpte жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен, мекемелермен және объектілермен өзара іс-қимыл жасауға;

5) өзірлеушісі мекеме болып табылатын, әкімнің және әкімдіктің нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық мониторингті жүзеге асыру және (немесе) оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылған деп тану бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

6) мекеменің мұддесін барлық құзыретті органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіруге;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес түрғындарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыру және басқа да міндеттерді орындауға.

## 3. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшымен жүзеге асырылады.

19. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Маңғыстау ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

2) өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан шығады;

4) құжат айналымын ұйымдастыруды, кадрлық қызмет жұмысын, орындаушы және еңбек тәртібін сактауды бақылайды;

5) "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметін қамтамасыз ету және оған жүктелген тапсырмаларды орындау мақсатында мемлекеттік сатып алуарды өткізуі ұйымдастырады;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін ынталандыруды, оларға материалдық көмек көрсетуді, тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және ол үшін дербес жауап береді.

"Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының құзырына Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге де мәселелерді шешу жатқызылуы мүмкін.

"Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

#### **4. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

21. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

24. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу Маңғыстау ауданы әкімдігінің қаулысымен жүргізіледі.

25. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## **6. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Маңғыстау аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.